

- [17] Kuo S.W., Huang C.F., Wu C.H., Chang F.C. *Polymer*, **2004**, 45(19), 6613–6621. (in Engl.)
 [18] Wu H.D., Wu I.D., Chang F.C. *Polymer*, **2001**, 42(2), 555–562. (in Engl.)
 [19] Liu M., Yan X., Liu H., Yu W. *React. Funct. Polym.*, **2000**, 1, 55–64. (in Engl.)
 [20] De Amorim A.M., Franzoi A.C., Oliveira P.N., Nunes Pires A.T., Spinelli A., Bertolino J.R. *J. Polym. Sci.: Part B: Polym. Phys.*, **2009**, 47(22), 2206–2214.

УДК 541.64:546.56:678.746.523

**Д.Н. Акбаева*, Г.А. Сейлханова*, Б.С. Бекірова*, Ж.Ж. Кенжалина*,
М.В. Томкович**, В.В. Соколов**, А.К. Борангазиева*****

* әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы;

** А.Ф. Иоффе атындағы физика – техникалық институт РГА, Санкт-Петербург, Ресей;

*** Д.В. Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институты, Алматы

МЫС(II) ХЛОРИДІ ЖӘНЕ ПОЛИВИНИЛПИРРОЛИДОН НЕГІЗІНДЕГІ КЕШЕНДІ ҚОСЫЛЫСТЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Аннотация. Мыс(II) хлориді–поливинилпирролидон негізіндегі полимерметалды кешенді қосылыстың құрамы потенциометрлік және кондуктометрлік әдістермен анықталған. Кешенді қосылыстың құрамын анықтау бағытында жүргізілген тәжірибе нәтижелері бойынша титрлеу қисықтары түрғызылған және әрекеттесуші құраушылардың 0,30–0,35 тең оптимальды мольдік қатынасы k ($k=[\text{Cu}^{2+}]/[\text{ПВП}]$) табылған. Алынған нәтижелер мыс полимерлі кешенді қосылыс түзелетіндігін дәлелдейді және ондағы металл ионының координациялық саны үшке тең. Кешенді қосылыстағы металл кешентүзгіштің координациялық қанықтығы еріткіш молекулалары немесе мыс тұзы анионымен жүзеге асырылады. РФЭС әдісімен кешеннің элементтік құрамы және ондағы әртүрлі элементтердің салыстырмалы мөлшері зерттелген. Синтезделген мыс(II) хлориді–поливинилпирролидон кешенді қосылысының құрылышы және морфологиясы ИК–спектроскопия және сканирлеуші электронды микроскоп (СЭМ) әдістерімен зерттелген. Металл–кешентүзгіш ионымен полимерлі–лиганданың оттегі атомы өзара координациялық байланыс түзуде басты рөл атқарытындығы анықталған. Электронды микроскопия әдісінің нәтижелері біртекті емес аморфты құрылымды полимерлі қабықша (кешентүзілу) түзілетіндігі көрсетілген. Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен әдеби мәліметтерге сүйене отырып $[\text{Cu}(\text{ПВП})_3\text{Cl}_2]$ кешенді қосылысының түзілу сызбанұсқасы берілген.

Кілт сөздер: поливинилпирролидон, мыс, кешентүзілу, құрам, морфология, кешентүзілу сызбанұсқасы.